

## Ырғыз ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 81 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 шілдеде № 4430 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 79 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 25.04.2016 № 79 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі № 371 "Ішкі сауда Ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ырғыз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ырғыз ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Қызбергеновке жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. ДУАНБЕКОВ*

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 81 қаулысына қосымша

## Ырғыз ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

№	Ауыл атауы	Сауда орындары
<b>Ырғыз ауылдық округі</b>		
1	Ырғыз	Қ.Қойыртбаев көшесі ("Жолжан" базарының ауданы)
2	Ырғыз	Қ.Қойыртбаев көшесі ("Қасымхан" сауда үйінің ауданы)
3	Ырғыз	Т.Жүргенов көшесі ("Бозғыл" және "Меруерт" дүкендерінің арасында)
4	Ақши	Ж.Шайқаков көшесі ("Науат" дүкенінің қасында)
5	Қалыбай	М. Жүсіпов көшесі (ауылдық клубтың қасында)
6	Қалалыкөл	ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл көшесі (№ 2 және № 6 үйлерінің арасында)
<b>Құмтоғай ауылдық округі</b>		

7	Құмтоғай	Ө.Құдайбергенов көшесі (Орталық алаң жанында)
8	Қарасай	Д.Сарин көшесі ("Нұр-Иба" дүкенінің қасында)
9	Қарақұдық	ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл көшесі ("Айсұлу" дүкенінің қасында)
<b>Қызылжар ауылдық округі</b>		
10	Құрлыс	Қ.Құлмырзин көшесі ("Азамат" дүкенінің қасында)
11	Жаныс би	Достық көшесі (дәрігерлік амбулаторияның қасында )
12	Шеңбертал	Қ.Тоқбаев көшесі ("Аружан" дүкенінің қасында)
<b>Нұра ауылдық округі</b>		
13	Нұра	Т. Жүргенов көшесі (ауылдық клубтың қасында)
14	Мамыр	Әбу ата көшесі (ауылдық клубтың қасында)
15	Дүкен	К.Рспанбетов көшесі (№ 1 үйдің қасында)
16	Белшер	С.Сатанов көшесі (ауылдық клубтың қасында)
<b>Тәуіп ауылдық округі</b>		
17	Құйлыс	Әйтеке би көшесі ("Нариман" дүкенінің қасында)
<b>Аманкөл ауылдық округі</b>		
18	Күтикөл	П.Төрегелдин көшесі (бұрынғы "Қазпочта" ғимаратының қасында)
19	Аманкөл	А.Қантайұлы көшесі (су айдауыш мұнараның қасында)
20	Жарма	Т.Манасов көшесі (телемұнараның қасында)
<b>Жайсаңбай ауылдық округі</b>		
21	Жайсаңбай	ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл көшесі ("Ақбота" дүкенінің қасында)